



Тауарларды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2022 ж.

ЖШС "КАР Technology", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____, негізінде қызмет ететін _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2019 жылғы «9» қыркүйектегі № 31/19) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес және _____ негізінде осы тауарларды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Төменде аталған терминдер осы Шартта мынадай түсіндірмеге ие: А) Шарт - Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында қол жеткізілген, жазбаша нысанда тіркелген және Тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен, сондай-ақ осы Шартта сілтемелер бар барлық қажетті құжаттамамен қол қойған осы келісім. Б) Шарттың жалпы сомасы - осы Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін толық және тиісінше орындағаны үшін Жеткізушіге төленуге тиіс сома. В) Кемшіліктер - ақауларды, зақымдануларды, жетіспеушілікті қоса алғанда, осы Шарттың талаптарын бұза отырып жеткізілген тауар немесе тауардың бір бөлігі.

1.3. Тауарлар жаңа және пайдалануға дайын болуы керек.

1.4. Тауарлар тасымалдау кезінде тауардың физикалық және механикалық зақымдануын болдырмайтын қаптамаға оралуы тиіс.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Стандартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдау алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

2.4.1. Электрондық құжат нысанында шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы жергілікті қамту үлесін есептеу (электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) ұсынылады).

2.4.2. Шот-фактуралар;

2.4.3. Тауарды қабылдау-тапсыру актісі.

2.4.4. Жеткізуші Тапсырыс берушіге ұсынған тауар жүкқұжаты.


2.5. Тапсырыс беруші төлемге арналған құжаттар пакетін уақытылы ұсынбауға байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.6. Жеткізілген тауар үшін ақы төлеу Жеткізуші шарт бойынша барлық міндеттемелерді ұсынылған құжаттарға (тауарды(ларды) қабылдау-тапсыру актісі, жүкқұжат және барлық жеткізілетін тауарларға жергілікті қамту үлесі бойынша толық толтырылған есеп) сәйкес толық көлемде орындағаннан кейін №1 қосымшада көрсетілген тәртіппен және байланыста жүргізілетін болады.

2.7. 2.4.2, 2.4.3, 2.4.4 -тармақшаларда көрсетілген құжаттар тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

2.8. Тауарлардағы жергілікті қамту үлесінің есебін Жеткізуші жүйеде Тараптар тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғанға дейін ұсынады.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары





3.1. Өнім беруші тауарды мекенжайы бойынша және Шартқа №1, №2 қосымшаға сәйкес мерзімінде жеткізуге міндетті.

3.2. Тапсырыс беруші қабылдау-беру актісіне қол қойған күн тауарды жеткізу күні болып есептеледі. Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісіне сәйкес және Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша жеткізеді. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупі Тапсырыс беруші қабылдап алу-беру актісіне қол қойған күннен бастап Тапсырыс берушіге Өнім берушіден ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндетті:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Тапсырыс берушіге жеткізілетін тауарға арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында берілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы жергілікті қамту үлесін есептеу (жүйеде ұсынылады). Соңғы қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді шарт талаптарына сәйкес жою. Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.

4.1.4. Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат беруге.

4.1.5. Тапсырыс беруші тарапынан жеткізілген тауар үшін негізсіз шығындарға жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға.

4.1.6. Тапсырыс берушінің талабы бойынша жеткізілген тауардың анықталған барлық кемшіліктерін Тапсырыс берушіден осындай хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде не Тапсырыс беруші айқындаған мерзімдерде тегін жоюға.

4.1.7. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз осы Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан персоналды қоспағанда, қандай да болмасын біреуге шарттың немесе оның қандай да бір ережелерінің, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың немесе ақпараттың мазмұнын ашпауға. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сондай шамада беруге.

4.1.8. Жеткізушінің Шарт талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттерінен келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге.

4.1.9. Егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің Шарт талаптарын тиісінше немесе уақтылы орындамауынан туындаған барлық кемшіліктерді өз есебінен дербес жойған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс беруші шеккен шығыстарды даусыз тәртіппен толық көлемде өтеуге.

4.1.10. Осы Шарт күшіне енген сәттен бастап Жеткізушінің уәкілетті өкілі болып табылатын жауапты тұлғаны тағайындауға.

4.1.11. Жеткізуші жергілікті қамту бойынша есепті уақытылы ұсынуға және дұрыс ақпаратты көрсетуге міндеттенеді, осы тармақ бұзылған жағдайда Жеткізуші айыппұлды осы Шарттың 7.2.3-тармағына сәйкес төлейді.

4.1.12. Мемлекеттік бақылаушы органдар Тапсырыс берушіге Жеткізушінің қызметі нәтижесінде болуы мүмкін оқиғалар үшін айыппұл санкцияларын салған жағдайда келтірілген залал салдарынан болған төлемдер үшін материалдық жауапкершілік тартуға.

4.1.13. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шартқа № 4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша контрагенттің толтырылған сауалнамасын ұсынуға.

4.1.14. Егер Қазақстанда шығарылған тауарлар болған жағдайда, осы тауарларды тауар өндірушілерден сатып алу қамтамасыз етуге.

4.1.15. «КАР Technology» ЖШС жеткізушілер мен мердігерлер кодексінің (№5 қосымша) талаптарын мүлтіксіз сақтауға.


4.1.16. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағаннан кейін Тараптар осы Шарт бойынша тараптардың бір-біріне деген өзара талаптарының жоқтығы туралы салыстыру актісіне қол қоюға міндеттенеді.

4.2. Тапсырыс беруші міндетті:

4.2.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.2.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

4.2.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.





4.3. Өнім беруші құқылы:

4.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта белгіленген төлемді (төлемдерді) талап ету.

4.3.2. Тапсырыс берушіден тауарды уақытылы қабылдауды және беру-өткізу актісіне қол қоюды талап ету;

4.3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Стандартта және (немесе) Шартта аталған негіздемелер бойынша Шартты бұзу.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Стандартта және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу.

4.4.4. Жеткізушіден ұсынылған өсімақы, айыппұл және залал сомасын төлеуді талап етуге.

4.4.5. Жеткізуші сапасы нашар не жиынтықталмаған тауарды жеткізген жағдайда нысан бойынша жасалған, Тараптармен қосымша келісілген ақаулы тауарға арналған акт негізінде өз қалауынша Жеткізушіден келесілерді талап етуге құқылы:

4.4.5.1. 5 (бес) жұмыс күні ішінде тауардағы кемшіліктерді Жеткізуші есебінен жою;

4.4.5.2. Сапасы нашар тауарды шарт талаптарына сәйкес келетін тауарға ауыстыру;

4.4.5.3. Шарт сомасының мөлшерлес азайтылуы;

4.4.5.4. Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде тауарды толық жинақтау;

4.4.5.5. Жеткізушінің осы Шартта белгіленген мөлшерде, сапада және мерзімде тауар жеткізу туралы Шарт талаптарын сақтауы.

4.5. Жеткізуші Тапсырыс берушіге осы Шарттың 4.1. тармағы 4.1.13-тармақшасына сәйкес контрагенттің толтырылған сауалнамасын ұсынбаған жағдайда, шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі қарап тексеру арқылы және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша талапты Тапсырыс беруші Өнім берушіге тауарды алған сәттен бастап немесе әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес ақаулар (жасырын ақаулар) анықталған жұмыс күні ішінде 60 (алпыс) ұсынады. Егер Өнім беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағымды Өнім беруші таныды деп есептеледі және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 10 (он) хабарлама алған кезден бастап жұмыс күндері ішінде тауардың жеткіліксіз жеткізілген және/немесе сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Тауардың саны мен талап етілетін сапасы жеткіліксіз болған жағдайда, Өнім беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде тауардың жетіспеген және сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді, бұл ретте тауардың жетіспеген бөлігін жеткізу бойынша шығыстар Өнім берушінің есебінен жүзеге асырылады.

5.5. Шартқа қосымшалар, сондай-ақ сертификаттардың көшірмелері (егер шарт талаптары бойынша қолданылса) Тапсырыс берушімен келісу үшін akaznovskiy@kapttechnology.kazatomprom.kz, mkolmagorova@kapttechnology.kazatomprom.kz. электрондық мекенжайларына жіберіледі. Құжаттардағы тауардың атауы жолында міндетті түрде Шартқа №2 қосымшаның 3 тармағына сәйкес тауардың маркасы/моделі көрсетілуі тиіс. Тапсырыс беруші ескертулерді анықтаған жағдайда, Жеткізуші оларды жояды және құжаттардың дұрыс толтырылғанын растау үшін қайта жібереді. Жөнелтілетін сканерленген құжаттарға шарт бойынша жауапты адамның қолы қойылып, сондай-ақ Жеткізуші ұйымының мөрі басылуы тиіс.

5.6. Тауарды қабылдау-тапсырутабыстау сәтінде Тапсырыс беруші Жеткізушінің қатысуымен жеткізілген тауарды оның техникалық сипаттамаға және шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ қабылдау-табыстау құжаттарының (бұдан әрі-ҚТҚ) болуы мен дұрыс толтырылуын тексереді. ҚТҚ деп жүкқұжатты, электрондық шот-фактураны және Шартқа №2, №3 қосымшалар бойынша құжаттарды түсіну қажет.

5.7. Жеткізуші тауарды Тапсырыс берушіге тапсыру процесіне, мысалы тауарды курьерлік қызмет жеткізгенде, Үшінші тұлғалардың беруі және т.б. кезінде тікелей қатыспаған жағдайда, Тапсырыс беруші кіріс бақылауды бір жақты тәртіппен жүзеге асырады.





5.8. Тауардың және/немесе қабылдап алу-табыстау құжаттарының саны жеткіліксіз және/немесе талап етілетін сапасы болмаған жағдайда Тапсырыс беруші тауар/құжаттар межелі жерге келген күннен бастап (бес) жұмыс күні ішінде сәйкессіздік туралы Акт (бұдан әрі – Акт) жасайды, онда ресімдеу күнін, реттік нөмір беруді, тауарларды табыстау кезінде Жеткізушінің қатысу белгісін, фото-растау материалдарын қоса беруді, тауарды жауап-сақтауға қабылдау туралы ескертпені міндетті түрде көрсете отырып, осындай актіні жасаудың толық себептері анықталады.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген тауардың жеткізілген тауарды қалыпты пайдалану шартымен конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді

6.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап орнатылған кепілдікті 12 ай мерзім ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды ұсынған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақаулы тауарды жаңасына өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші өз мойнына алады.

6.4. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.5. Тауарды дайындау күні - жеткізу күнінің алдындағы бір жылдан көп болмауы керек, бұл ретте тауар жаңа, бұрын пайдаланылмаған болуы тиіс.

6.6. Тауарды жеткізу кезінде тауарды өндіруші көрсеткен оны сақтаудың кепілдік мерзімі (сақтау мерзімі) жартысынан аспауы керек.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шартта белгіленген жеткізу мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге жеткізудің әр өткізіп алған күні үшін уақытында жеткізілмеген Тауарлардың бағасынан 0,01% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% артық емес мөлшерде айыппұлды төлеуге міндетті;

7.2.2. Өнім беруші анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін шарт талаптарына сәйкес негізсіз бұзған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,01% - ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімақы төлейді.

7.2.3. Тауарлардағы жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,01% - ы мөлшерінде, бірақ шарт сомасының 10% - ынан аспайтын өсімақы төлейді.

7.2.4. Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе орындау мүмкін болмаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.5. Ақаулы тауар жеткізілген жағдайда, Жеткізуші ақауларды жою үшін Тапсырыс беруші көрсеткен мерзім ішінде өз есебінен техникалық сипаттамаға сәйкес келетін жаңа тауар жеткізуге не Шартқа сәйкес Тапсырыс беруші анықтаған ақауларды жоюға міндетті.

7.2.6. Форс-мажор жағдайларды қоспағанда, егер Жеткізуші Шарттың 2.4-тармағында көрсетілген құжаттарды уақтылы ұсына алмаса, Тапсырыс беруші шарт шеңберінде өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей, шарттың жалпы сомасының әрбір кешіктірілген күні үшін 0,01 % мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 10%-ынан (он пайызынан) аспайтын тұрақсыздық айыбын шегеруге құқылы.

7.2.7. Егер шарттың 6.2-тармағында көрсетілген кепілдіктің қолданылу кезеңінде Жеткізуші Шарттың 6.3-тармағына сәйкес кемшіліктерді/ақауларды жоймаса немесе уақтылы жоймаса, Тапсырыс беруші мерзімі өткен әрбір күн үшін алмастырылмаған тауардың жалпы сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 10%-ынан (он пайызынан) аспайтын тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы.

7.2.8. Жеткізуші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін негізсіз бұзған, оның ішінде 4.1.13-тармақта көрсетілген №4 қосымшаны уақтылы ұсынбаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік





күн үшін шарттың жалпы сомасының 0.01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,01% - ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімақыны төлейді.

7.4.2. Тапсырыс беруші тауарды қабылдауды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірген сомасының 0,01% - ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімақыны төлейді.

7.4.3. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірген сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімақыны төлейді.

7.4.4. Тапсырыс беруші құжаттарды негізсіз уақытылы ұсынбаған жағдайда (егер шарт талаптары бойынша Тапсырыс берушінің тауарды жеткізу үшін өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан өнім беруші шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Өнім беруші тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алудан келтірілген шығындарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы.

7.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін негізсіз бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Холдингінің сенімсіз Өнім берушілерінің тізбесіне өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу жөніндегі Қордың операторына белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.7. Тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін шарттың талаптарына сәйкес жеткізілетін тауарды Жеткізушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері шарт сомасының 10% - ынан аспауға тиіс.

7.8. Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші жеткізілген тауарлар үшін Жеткізушіге тиесілі сомадан, Шарттың орындалуын бұзғаны үшін Жеткізушіге есептелген өсімпұл сомасын ұстап қалуға құқылы. Шарт бойынша міндеттемелер және осыған байланысты келтірілген залалдар.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Стандартқа сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға немесе сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Стандарттың тиісті тармағында (тармақтарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Өнім берушіні тандау үшін негіз болған ұсынысты енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттерін бұзған жағдайда;


8.3.3. Тауарларды сатып алудың орынды еместігіне байланысты:

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.3.2. Алқалы атқарушы органның/Байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (Алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда). Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді негізді жөнсіздікке байланысты Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарды өтеген жағдайда жол беріледі.

8.3.4. Қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, Жеткізушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы. Хабарламада Шарт талаптарын орындаудан бас тарту себебі, негіздемесі, сондай-ақ Шарт бұзылды деп есептелетін күн көрсетілуі тиіс;

8.3.5. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімдерде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шартты ұзарту мерзімі ішінде жеткізу





міндеттемелерін орындай алмаса;

8.3.6. Жеткізуші Тапсырыс берушіге осы Шарттың 4.1-тармағының 4.1.13-тармағына сәйкес осы Шартқа № 4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша контрагенттің толтырылған сауалнамасын ұсынбаған жағдайда;

8.3.7. Егер Жеткізуші Шарт бойынша өзінің қандай да бір басқа міндеттемелерін орындай алмаса.

8.3.8. Жеткізушіні комплаенс-тексерудің теріс нәтижелері анықталған жағдайда.

8.4. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда Өнім беруші Шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

8.5. Қордың уәкілетті органы сатып алуда сатып алу мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші жасаған шартты біржақты тәртіппен бұзуға жол берілмейді. Мұндай жағдайда келісім-шартты ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Шартты бұзу күніне қарай нақты шығындарды өтеу шартымен Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзуға болады.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындар мен шығыстарды, сондай-ақ қойылған өсімақы мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.7. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шарт бұзылған кезде Жеткізуші шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

9. Хабарламалар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кешіктірулер жазбаша түрде жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың деректемелерімен Шарт нөмірі болуға тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен түпнұсқасын беру арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез-келген хабарлама (алдыңғы алуды растаусыз) тапсыру уақытында жеткізілген деп есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хат арқылы жіберілген ескерту пошталық жеткізуді растайтын пошталық бөлімнің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілген деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 31.12.2022 жылғы дейін қолданылады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.


11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болса, Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «форс-мажорлық жағдайлар» Тараптардың еркінен тыс және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғаларға әскери әрекеттер, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемиялар, карантиндер, эмбарго және басқалары сияқты әрекеттер кіруі мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Форс-мажорлық жағдай туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа пайда болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың күтілетін ұзақтығы туралы жазбаша (хабарлама) хабарлауға, сонымен қатар осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда бола алатын барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.





12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез-келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері төлем жасамайды, төлеуге ұсыныс жасамайды және қандай-да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде заңсыз артықшылықтарға немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай-да бір ақшалай қаражат немесе құндылық төлеуге жол бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

13.5. Тарап жазбаша хабарламада контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу процедураларының жүргізілгендігін мойындайды және олардың сақталуын қадағалайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметке тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндетті.

13.7. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, сондай-ақ осы Шартты жасасуға немесе тоқтатуға байланысты Тараптар Тараптар мен олардың жұмыскерлері және Тараптарға белгілі болғандай, олардың үлестес тұлғалары, агенттері, өкілдері, делдалдары және (немесе) қосалқы мердігерлері (бірілесіп орындаушылары) Қазақстан Республикасының, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы заңнамасын, сондай-ақ Ұлыбританияның «Парақорлық туралы» Заңын (бұдан әрі - «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама») бұзатын не бұзуға ықпал ететін іс-әрекеттер жасамайды және жасауға шақырмайды, кез келген құқыққа сыйымсыз артықшылықтарды немесе өзге де құқыққа сыйымсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.


13.8. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, сондай-ақ осы Шартты жасасуға немесе тоқтатуға байланысты Тараптар Тараптар мен олардың жұмыскерлері және Тараптарға белгілі болғандай, олардың үлестес тұлғалары, агенттері, өкілдері, делдалдары және (немесе) қосалқы мердігерлері (бірілесіп орындаушылары) осы Шарттың мақсаттары үшін Заңнамамен қолданылатын пара беру/алу, коммерциялық сатып алу сияқты әрекеттерді, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайтындығын растайды.

13.9. Осы шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.10. Тапсырыс беруші Орындаушыдан Шарттың орындалу барысын талдау мақсатында Шарттың орындалуы жөніндегі мәліметтерді қамтитын кез келген құжаттарды сұратуға құқылы.

13.11. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.12. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның үлестес тұлғаларының, жұмыскерлерінің, агенттерінің, өкілдерінің, делдалдардың және (немесе) қосалқы мердігерлердің (бірілесіп орындаушылардың) осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзылғанын немесе бұзылуы мүмкін екенін анық растайтын немесе бұзды деп болжауға негіз болатын, қолданылатын заңнамада пара беру немесе алу,





коммерциялық сатып алу ретінде сараланатын әрекеттерден, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын бұзатын әрекеттерден көрінетін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.13. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардың болуын барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.14. Осы Шарттың 13.5-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама алған Тарап 10 күн ішінде тергеу жүргізіп, оның нәтижелерін екінші Тарапқа беруге міндетті.

13.15. Егер Орындаушы Шарттың осы бөлімінің қандай да бір ережелерін бұзу орын алды немесе орын алуы мүмкін деп күдіктенсе, Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушінің құпия ақпарат саясатына сәйкес хабарлама жібере алады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу туралы хабарлау тәртібін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің осындай хабарламаларды қарауын қарастыратын Құпия ақпарат саясаты Тапсырыс берушінің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған.

13.16. Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша осы Шартты орындауға байланысты Орындаушының қызметін, оның құжаттары мен жазбаларын тексеруге құқығын өзіне қалдырады. Тапсырыс беруші мұндай тексеру туралы жазбаша хабарламаны божамды тексеру күніне дейін 20 жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндеттенеді және оны өз бетінше немесе үшінші тұлғаны тарта отырып жүргізе алады.

13.17. Орындаушы хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіден көрсетілген хабарламаны алғанын растауға және осындай хабарламаны алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде тексеру күнін растауға міндетті. Тексеру жүргізу кезінде Тапсырыс беруші немесе уәкілетті үшінші тұлға Орындаушының қызметкерлерімен осы Шартты жасасу, ресімдеу, бұзу шеңберінде немесе оған байланысты мәселелер бойынша сұхбаттаса алады.

13.18. Тексеру нәтижесінде Орындаушының өзі ұсынған кепілдіктер мен растауларды бұзу жағдайлары анықталса, Орындаушы көрсетілген бұзушылықтар анықталған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей, жою бойынша шаралар қабылдауға және Тапсырыс берушіге мұндай шаралар туралы жазбаша хабарлауға міндетті. Сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды Мердігер өз есебінен қабылдауы керек.

13.19. Егер Орындаушы тексеру жүргізуден бас тартса немесе сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдаса, немесе сәйкессіздіктерді жою мүмкін болмаса онда тапсырыс беруші бұзған Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тартуға құқылы.

14. Құпиялылық

14.1. Осы Шартқа қол қою арқылы Тараптар осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия емес және жүйеде және/немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының басқа ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғаларға қолжетімді екендігімен келіседі. Тараптар осы Шартқа сәйкес берген және/немесе қолданған басқа құжаттар мен ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Стандартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың тақырыбына қатысты мәселелерді олардың іс жүзінде шешілу мүдделері үшін сотта қаралатын істерге қолданылмайды немесе егер мұндай ашып көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың сұранысы бойынша жүзеге асырылады.

14.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде деректемелер мен төлем деректемелері туралы ақпаратты қоса алғанда, онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін банктің контрагенттерін деректерді берудің қауіпсіз каналы арқылы байланыс арналарының қажетті хаттамаларын қолдана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық-талдамалық жүйесіне жіберу арқылы жария етуге құқылы екеніне келіседі.

15. Басқа шарттар

15.1. Шарт 2 (екі) тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан бірдей заңды күші бар данада жасалды. Шартқа қатысты барлық хат-хабар және Тараптардың бүкіл құжаттамасы осы шарттарға сәйкес болуы тиіс.

15.2. Шартқа қосымшалар, өзгертулер және толықтырулар оларды жазбаша түрде орындау және Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қою шартымен Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

15.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған және реттеледі.

15.4. Осы Шарттың орыс және мемлекеттік тілдердегі мәтіндері арасында алшақтықтар болған жағдайда Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтініне жүгінеді.

16. Комплаенс-жеткізушіні тексеру





16.1. Шарттың 13-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде Тапсырыс беруші Жеткізушіні комплаенс-тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

16.2. Комплаенс-тексеру жүргізу барысында Тапсырыс беруші Жеткізушіні ынтымақтастықтан бас тарту үшін негіздердің / теріс ақпараттың / өзге де мәліметтердің болуын, оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды және терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, қандай да бір заңсыз қызметке қатыстылығын, Жеткізушінің, оның акционерлерінің/құрылтайшыларының/қатысушыларының, басшыларының ынтымақтастыққа тыйым салатын халықаралық санкцияларға ұшыраған адамдар тізімінде болуын тексереді.


17. Санкциялық ескертпе

17.1. Тараптар осы шартты Контрагенттің кепілдіктері негізінде және оған адалдықпен сенім арта отырып жасасады. Контрагент төмендегілерге: (а) Контрагент те, оның аффилиирленген тұлғалары да, Контрагенттің барлық акционерлері де Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шот ашуға немесе қолдануға тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы әкімшілендіретін (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury), сондай-ақ экстерриториялық қолданысы бар кез келген басқа санкциялық тізіміне енгізілмегеніне; (b) Шартты жасасу және/немесе Контрагенттің оны орындауы осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкциялардың бұзылуына әкеп соқпайтынына; (c) Контрагент Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болатын күні және осы Шартқа сәйкес оны іс жүзінде орындау күніне дейін – Контрагенттің шоттары, оның ішінде осы Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын, ЕО қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын тұлғалардың, топтардың және ұйымдардың Жиынтық тізбесіне (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them), және (немесе) Ұлыбританиядағы қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің Жиынтық Тізіміне (Consolidated List of financial sanctions targets of the office of Financial sanctions Implementations in the UK), және (немесе) SDN тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (Foreign Financial Institutions list of Foreign Financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) әкімшілендіретін NS-MBS (non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) енгізілмеген банктерде немесе қаржы мекемелерінде болатынына; (d) Контрагент атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық Одақтың және(немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN тізімінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе қолдануға тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (non-SDN Menu-Based sanctions List) Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) әкімшілендіретін NS-MBS (non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ экстерриториялық қолданысы бар кез келген басқа санкциялық тізімге енгізілмегеніне кепілдік береді.

17.2. Егер Контрагенттің қандай да бір кепілдігі жалған, расталмаған және (немесе) нақты болмаған жағдайда, Контрагент екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Контрагенттің осындай кепілдігінің салдарынан немесе расталмағанына немесе нақты болмағанына байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Сатып алушы осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

